



БЕКІТІЛЕН

«Каспий технологиялар және инжиринг университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (24.12.2021 №10 хаттама) және «Каспий технологиялар және инжиринг университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (31.05.2023 №2 хаттама)

ЕРЕЖЕ

**«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТ
ТУРАЛЫ**

АҚТАУ 2023

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы	3-4
2. Ұғымдар мен анықтамалар	4-5
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері	5-9
4. Комплаенс-қызмет басшысының біліктілігіне қойылатын талаптар	9
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі	9-10
6. Қорытынды ережелер	10

1. Мақсаты және қолдану саласы

1. «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжинириング университеті» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы» Ережесі (бұдан әрі – Есенова университеті) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.03.2023 жылғы № 112 бүйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтері туралы» Үлгі ереженің негізінде Есенов университетінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің әзірленуін, енгізілуін және заңнамалық және нормативтік талаптарға, оның ішінде ISO 37001 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі. Қолдану талаптары мен ұсыныстары» халықаралық стандартына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді,

2. Осы Ережемен Есенов университетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары, міндеттері, принциптері, функциялары мен өкілеттіктері айқындалады.

3. Қызмет өз қызметінде басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының 18.11.2015 №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КРЗ Заны;
- ISO 37001 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі. Қолдану талаптары мен ұсыныстары» халықаралық стандарты;
- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.03.2023 жылғы № 112 бүйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтері туралы» үлгілік Ереже;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерін;
- Осы Ережені және Есенов университетінің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын.

4. Есенов университетінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі-зан) сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше айқындалады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құрылымы мен штат саны (сандық құрамы), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшері мен еңбекақы төлеу шарттарын айқындау «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжинириинг университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен

айқындалады және университет президенті-ректорының бұйрығымен ресімделеді.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереженің негізінде әзірленетін және университет президенті-ректоры бекітетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін университеттің атқарушы органына, лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті ереже Есенов университетінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

2. Ұфымдар мен анықтамалар

Осы Ережелерде мынадай ұфымдар қолданылады:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
- 2) мұдделер қақтығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына әкеп соғуы мүмкін;
- 3) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

- 4) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі - сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 5) Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің жүйені, алдын алу шараларын әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты Есенов университеті қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) Сыртқы реттеу және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша үздік халықаралық практика талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) Заңға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) университетте сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) Заңға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

5) университеттің және оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

3. Есенов университетінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.
- 7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функциялары:

- 1) келесі ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді:
 - Есенов университетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясаты;
 - Есенов университетінің қызметкерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық;
 - Есенов университетінің мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
 - Есенов университетінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша іс-шаралар жоспары;
 - университет қызметкерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері мен мүмкін болатын бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
- 2) корпоративтік этикалық құндылықтарды ілгерілетеді;
- 3) Университет қызметкерлерінің Есенов университеті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Әдеп ережелерінің сакталуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 4) Есенов университетінің қызметкерлерін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;
- 5) құрылымдық бөлімшелердің ұйым мен қызметкерлердің қызметінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламасын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 6) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйрүғына сәйкес университет қызметіндегі

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша өткізілетін Есенов университеті қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

8) университеттегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;

9) мұдделер қақтығысын, оның ішінде университетті жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөніnde шаралар қабылдайды;

10) Есенов университетіндегі өкілдік шығыстар мен сыйлықтар мәселелерін реттеу жөніnde шаралар қабылдайды;

11) қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асырады;

12) Есенов университетіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді;

13) заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізеді;

14) Есенов университетіндегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша заңнамалар, сот практикасында болған өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізеді;

15) Есенов университетінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

16) Есенов университетінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тиісті ақпаратын тындаиды;

17) Есенов университеті президент-ректорына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніnde және ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

19) «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжинириング университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің алдында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі атқарылған жұмыстар туралы жыл сайын есеп береді.

5. Өз қызметі шенберінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) үйымның ішкі құжаттарымен регламентtelген бекітілген рәсімдер шенберінде Есенов университетінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді Есенов университетінің Директорлар кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) Есенов университетінің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қарауына ұсынады;

6) Өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) Есенов университетінде Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсіу үшін, немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу мүмкіндігі болуы үшін ақпараттандыру арналарын құрайды.

6. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі:

1) Есенов университеті және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) Сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясат пен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) Есенов университетінің директорлар кеңесін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) Есенов университет қызметкерлерінің іс-әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, тиісті дәлелдемелері бар материалдарды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға береді;

5) Есенов университетінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіптік әдеп талаптарын сақтайды.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

4. Комплаенс-қызмет басшысының біліктілігіне қойылатын талаптар.

Басшы лауазымына кандидаттарға мынадай талаптар қойылады:

1) мамандандырылған бағыттар бойынша жоғары білім: құқықтану және / немесе экономика;

2) жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл;

3) International Compliance Association сертификатының немесе осыған үқсас сертификаттаудың болғаны жақсырақ;

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсетеді.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі тоқсан сайын қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жыл сайын «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжинириング университеті»

KEAK Директорлар кеңесіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі жылдық есепті ұсынады

4. Есенов университетінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-кызметі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар етуге тиіс.

6. Қорытынды ережелер

1. Осы ереже, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Есенов университетінің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді.